



ЖАҢАЛЫҚТАР

ПРЕЗИДЕНТ ЖОҒАРЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы Бішкекте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің (ЖЕЭК) кезекті отырысына қатысты.

Саммитке Қазақстан Президентімен қатар Қырғызстан Президенті – ЖЕЭК төрағасы Садыр Жапаров, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Ресей Президенті Владимир Путин, ЕАЭО жанындағы бақылаушы мемлекеттерден – Куба Президенті Мигель Диас-Канель, Өзбекстан Премьер-министрі Абдулла Арипов, ТМД Атқарушы комитетінің төрағасы – Атқарушы хатшысы Сергей Лебедев, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, қонақжайлық көрсеткені, отырысты жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін қырғыз тарапына және Садыр Жапаровтың жеке өзіне алғыс айтты.

Мемлекет басшысы ЕАЭО-ға мүше елдердің президенттері желтоқсан айындағы кездесулерде дәстүрлі түрде бірлескен жұмысты қорытындылап, алдағы кезеңде атқаратын міндеттерді айқындайтынын атап өтті.

– Біз бүгінде әлемдегі сауда-саттықты айтарлықтай шектейтін түрлі тыйымдар, квоталар мен баж салықтары енгізіліп жатқанын көріп отырмыз. ЕАЭО аясындағы ынтымақтастығымыз жаһандық үрдістерден ерекшеленетіні келешекке сенім ұялатады. Сыртқы факторлардың қысымына қарамастан, Қазақстанның ЕАЭО-ға мүше елдермен тауар айналымы биыл қаңтар-қазан айларында 7 пайызға өсіп, 23 миллиард долларға жетті. Бірлескен ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Өзара есеп айырысуда ұлттық валюталардың үлесі артып келеді. Бұл өзара іс-әрекеттердің деңгейі жоғары және интеграциялық серіктестігіміздің әлеуеті мол екенін анық көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында ЕАЭО-ға мүше елдердің экономикалық байланыстарды сақтауы және нығайтуы, ортақ қағидаттар мен мақсаттар аясында сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін күш біріктіруі аса маңызды. Осыған орай Мемлекет басшысы бірқатар басым мәселені атап өтті.

– Әлемдік инфляцияның елдеріміздің экономикасына кері әсерін азайту маңызды. Халықаралық ұйымдардың болжамдары көңіл көншітпейді. Халықаралық валюта қоры 2023 жылы әлемдік экономиканың өсіміне қатысты болжамды 2,7 пайызға дейін, Дүниежүзілік сауда ұйымы 1 пайызға дейін төмендетті. Осыған орай Еуразиялық экономикалық комиссияның дерегі бойынша, ЕАЭО-ға мүше елдердегі тұтыну бағасы өсіп келеді. Қазан айында Одақтағы инфляция деңгейі 11,5 пайызды құрады. Оның негізгі өсімі азық-түлік және азық-түлік емес тауарларға тиесілі. Мұның бәрі азаматтарымыздың сатып алу қабілеті мен әлеуметтік әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Белгілі санкциялық шектеулер ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттің экономикасына қысым жасайтынын мойындау қажет. Сондықтан, біздің пікірімізше, елдеріміздің комиссиялары мен үкіметтері бұл мәселеге ерекше назар аударып, аталған санкциялық шектеулердің әсерін жеңілдету жолдарын ұсынуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халықаралық экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселесін екінші басымдық ретінде атап өтті.

– Одақтың сыртқы сауда саласындағы мүддесі жылдан жылға кеңейіп келеді. Бұл – жақсы үрдіс. Қазақстан аталған бағытты қолдайды. Енді преференциялық келісімдер жасалған серіктестермен өзара іс-әрекеттің сапасын арттыруға назар аудару маңызды. Бұл жерде Вьетнам, Сербия және Иран туралы сөз болып отыр. Сон-

дай-ақ Үндістан, Мысыр, Индонезия және Израильмен еркін сауда аймағы туралы келісімдерге қатысты жұмысты жеделдету маңызды. Аталған жұмысты бірлесе жалғастырған жөн. Бұл жөнінде бірнеше рет айттым. Қазақстан Біріккен Араб Әмірліктерімен еркін сауда аймағы туралы келісім бойынша келіссөз басталғанын қолдайды. Бұл бастаманың келешегі зор әрі бүкіл «еуразиялық бестіктің» мүддесіне сай келеді деп санаймын. Енді осы процесті созбалаңға салмау маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті ЕАЭО аумағы арқылы тауарлардың еркін тасымалдануын қамтамасыз ету мәселесіне де тоқталды. Оның айтуынша, интеграциялық серіктестіктің тиімділігі «төрт еркіндік» қағидатын сақтауға тікелей байланысты. Оның бірі – тауар қозғалысының еркіндігі.

ның пікірінше, Стратегияны барлық мүше мемлекеттердің ұлттық мүддесін толық ескере отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асыру – ең дұрыс тәсіл.

– ЕАЭО-ны дамытудың жаңа стратегиясын дайындауға, әсіресе ұлттық үкіметтердің құқықтарын шектеуге қажеттілік жоқ деп санаймыз. Қолданыстағы үлкен Шарттың өзі де, Одақтың барлық құқығы да – өзара мәмілеге негізделген ұзақ жылдар бойы жүргізілген келіссөздер мен мұқият сәйкестендірілген ұстанымдардың нәтижесі. Шарттың институционалды және мазмұнды бөлігі барлық тараптың игі еркі мен экономикалық прагматизмін білдіре отырып, ұлттық және ұлтүсті күзіреттер арасындағы нәзік әрі тиімді тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Одаққа мүше елдер 8 жылдан астам уақыт бойы заманауи сын-қатерлерді бірге еңсеріп келеді.



– Біздің ортақ кедендік аумағымыз арқылы өтетін қазақстандық және қазақстандық қана емес, басқа да жүктердің қозғалысын шектейтін, квота енгізетін, кідіретін барлық жағдайды жою керек деп есептеймін. Мұндай шектеулер ЕАЭО аясындағы экономикалық ынтымақтастықтың сипатына да, мақсатына да сай келмейді. Ең бастысы, бұл экономикалық интеграцияның әлеуетін жүзеге асыруды шектейді. Жүк тасымалын қадағалау үшін навигациялық пломбыларды қолдану туралы келісімнің күшіне енуін жеделдету қажет деп санаймыз. Бұл шара цифрландырудың интеграциялық процестерге оң әсер ететініне жақсы мысал болар еді. Аталған келісімде қарастырылған мемлекеттік бақылау шараларын оңтайландыру Экономикалық одақтың кәсіпкерлік және көлік-транзиттік әлеуетін едәуір арттырады. Келісімді жедел ратификациялау осы мәселені шешуге ықпал етеді деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент 2020 жылы Еуразиялық экономикалық интеграцияның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданғанын еске салды. Бүгінде ЕАЭО-ға мүше елдер үкіметтері Комиссиямен бірлесіп, оны жүзеге асырып келеді. Мемлекет басшысы-

Бұл өзара қолдау мен ұлттық мүдделерді құрметтеудің арқасында мүмкін болды. Біз Еуразиялық экономикалық комиссияға, Еуразиялық сотқа, Еуразиялық даму банкіне жекелеген құқықтар бердік. Еуразиялық қайта сақтандыру ұйымын құрамыз. Осы уақыт аралығында біздің ұзақмерзімді ынтымақтастығымыздың кепілі – тараптар мүдделерінің тепе-теңдігі. Сондықтан ЕАЭО туралы шарттың институционалды негіздерін ұстануды жалғастыру маңызды, – деді Президент.

– Бір орында тұрып қалмай, жаңа тәсілдерді ұсыну маңызды. Соның ішінде жұмыс іздеу, жұмысқа орналастыру рәсімдерін жеңілдету, еңбек мигранттары мен олардың отбасыларына әлеуметтік кепілдіктер беру ісіне жаңа тәсілдер керек. Азаматтар интеграциялық жобаның пайдасын толық сезінуі керек. Тағы бір сала – туризм. Бұл бағытта Одақтың әлеуеті зор, туризмнің барлық түрі бізге қолжетімді. Халықтар арасында интеграцияны ілгерілетуге жағдай жасайық. Комиссия үкіметтермен бірлесе отырып, осы салада маңызды әрі шынайы жобаларды әзірлей алады деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЕРМАГАНБЕТ БУЛЕКПАЕВ СТАЛ АКИМОМ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Ермаганбет Булекпаев стал акимом Карагандинской области.

Соответствующий указ подписал Президент Касым-Жомарт Токаев, передает Tengrinews.kz со ссылкой на пресс-службу Акорды.

Регион возглавил бывший аким Караганды. В этой должности Ермаганбет Булекпаев проработал с сентября 2020 года.

Ермаганбет Булекпаев родился 2 сентября 1975 в селе Успенка Шетского района Карагандинской области. Он имеет два высших образования, юридическое и экономическое.

Трудовую деятельность начал экономистом в Павлодарском филиале ОАО «Казкоммерцбанк», затем стал директором представительства информационно-коммерческого центра «Бизнес-информ». С 1998 года работал на разных должностях в Министерстве индустрии и торговли РК. Был помощником депутата Сената Парламента Республики Казахстан, помощником акима Павлодарской области. С 2005 года работал заместителем руководителя аппарата акима Павлодарской области, затем руководителем аппарата акима Павлодара.

С июля 2011 года по июль

2013-го был начальником управления Агентства по делам государственной службы Республики Казахстан - председателем дисциплинарного совета по Южно-Казахстанской области. Затем его назначили акимом районов Сарыарка Алматы, Есиль Астаны.



С февраля 2018 года работал в должности государственного инспектора Администрации Президента Республики Казахстан. С декабря 2018-го по сентябрь 2020-го работал в качестве заместителя акима Карагандинской области.

Tengrinews.kz

«ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!»

Жемқорлық – әлемде де елімізде де кең етек алған үлкен мәселе, індет. Иә, осы келеңсіз құбылысты «індет» дегеніміз дұрыс шығар. Өйткені, бұл қазіргі қоғамға, ел болашағына төніп тұрған қауіп-қатер. Әрине, аталмыш жаман індеттен құтылу, күресу барша халыққа ортақ мәселе. Бұл туралы теледидар, газет беттерінен оқып, көріп жүргендіктен құлағымыз да үйренген. Заман ағысымен еріп келе жатырған бұл кеселді жою барысында жасалып жатырған іс-шаралар қаншалықты нәтиже көрсетеді? Бұл мәселе неліктен шешімін таппай келеді? Аталған індетке өскелең ұрпақ та қарсы. Олардың да бұл өзекті мәселеге байланысты айтары бар екен.

Жуықта «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында жемқорлық пен паракорлыққа қарсы эссе жазу, сурет салу, бейнероликтер мен вайнеррлер түсіру бойынша байқау болып өтті. Байқаудың мақсаты – «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды

түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Олардың көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Аталған байқауға қаламыздағы 2 мектептен тоғыз жасөспірім қатысты. Олар – Аңсар Ескен, Нұрсәуле Орынбек, Әлішер Саукенов, Еңлік Сәкен, Аліса Абдираманова, Алмат Сейілханов, Сымбат Кісіке, Батухан Сейілов және Ерболат Айдарбек. Балалардың байқауға қатысқан шығармаларын қазылар алқасы таразылай келе, өдерінің әділ бағаларын берді. Эссе жанры бойынша бірінші орынды Аліса Абдираманова жеңіп алды. Жұлделі екінші орынды Сымбат Кісіке иеленсе, үшінші орынға Ерболат Айдарбек лайықты деп танылды. Жасөспірімдердің ақыл-санасын дұрыс жолға бағыттап, адал өмір сүруге қалыптастыру үшін осындай ісшаралар өтіп тұруы тиіс.

Дина ШАТЕКОВА

«Қала әкімінің кубогі - 2022» атты волейбол жарысы өткізілді



2022 жылдың 10 желтоқсан күні «Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Достық» БЖШО спорттық залында «Қала әкімінің кубогі - 2022» атты волейбол жарысы өткізілді!

Жалпы жарысқа Приозерск қаласының мекемелерінен, әскери бөлімдер және кәсіпорындарынан 5 команда қатысты!

«Қала әкімінің кубогі - 2022» атты волейбол жарысының жеңімпаздары:

I орын «Жалын» командасы - 200000 тг

II орын «Искра» командасы - 100000 тг

III орын «Мектеп» командасы - 50000 тг

Сонымен қатар «Қала әкімінің кубогі - 2022» атты волейбол жарысында ерекше ойынымен көзге түскен спортшылар келесі номинацияларға ие болды:

«Ең үздік ойыншы» -

Ярмухаметов Е.Е.

«Ең үздік шабуылдаушы» -

Шишкин С.В.

«Ең үздік қорғаушы» - Медетов Н.Қ.

«Ең үздік байланыстырушы» -

Макаров Н.С.

Жеңімпаз командалар және үздік спортшылар «Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен өткізілетін «Жастар» форумында марапатталып, ақшалай сертификаттар табысталады.

Барлық командаларды жүлделі орындарымен шын жүректен құттықтаймыз!

10 декабря 2022 года КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск» организовал соревнования по волейболу «Кубок акима города – 2022» в спортивном зале ЦДЮТ «Достық».

В соревновании приняли участие 5 команд от учреждений, военных частей и предприятий города Приозерск! Победители соревнований по волейболу «Кубок акима города - 2022»:

I место команда «Жалын» - 200 000 тенге

II место команда «Искра» - 100 000 тенге

III место команда «Мектеп» - 50 000 тенге

Кроме того, спортсмены, отличившиеся своей особенной игрой в соревнованиях по волейболу «Кубок акима города – 2022», получили следующие номинации:

«Лучший игрок» - Ярмухаметов Е.Е.

«Лучший нападающий» - Шишкин С.В.

«Лучший защитник» - Медетов Н.Қ.

«Лучший связующий» - Макаров Н.С.

Команды занявшие призовые места и лучшие спортсмены будут награждены на форуме «Жастар», организованном КГУ «Молодежный ресурсный центр города Приозерск». От всей души поздравляем все команды с призовыми местами!

Приозерск қаласының
Жастар ресурстық
орталығы

1986-жылғы 16-желтоқсанда Алматы қаласында кеңестік жүйенің әділетсіздігіне қарсы шығып, жазықсыз қудаланып, қаза тапқан боздақтардың рухына арналады.



БОЗДАҚТАРДЫ ҰМЫТПА...

Он алтыншы желтоқсан...
Дәл осыдан отыз алты жыл
бұрында...

Қару алған қарақшылар жол
тосқан.

Аш қасқырдайын жаңа түскен
жылымға,
Қанды кешіп жабысыпты
бұрымға.

Алаң маңы...
Өңшең қыз бен жігіттер,
Егемендік ертеңінен үміткер.
Бейбітшілік әнін шырқап келеді,
Әділдік бар қоғамда деп сенеді,
Бірақ, бірақ... жаңылысқан жері
еді...

Алдарына керіп қойып
тосқауыл,
Ажал шашқан зеңбіректі тосты
ауыр.
Соққылады беті, көзі, басына,
Қарамады әйел, еркек, жасына.

Қан-жоса ғып алаңдағы ақ
қарды,
Шын жендеттік борыштарын
атқарды.
Жеткіншектің шырқырады
шыбыны,
Арулардың ары аяққа тапталды.

Қалып жатты қар үстінде ұйып
қан,
Қайда әділдік...
Қалың елді ұйытқан?
Безбүйректі өңшең бек пен
төрелер,
Мінбесінде күліп тұрды
миықтан.

Көздерінде жауыққан бір айбат
бар,
дегендейін, «бәрің-бәрің жайрап
қал».
«Өз еліме еркіндік бер», деп
келген,
Сұлап жатты Сәбиралар,
Қайраттар.

Қазақ үшін болып келген

албасты,
Жазалаулар неше күнге
жалғасты.
Қырды, жойды, зұлымдықпен
жаншыды,
Ал, шындықты – жаңа жауған
қар басты.

Ол жүйеге аяғында тұрған нық,
Жастар қаны көрінбейді бір
малдық.
Арман еткен азат күнді көре
алмай,
«Еркек тоқты» болып кетті құр
бандық.

Желтоқсанның бұл бір ғана елесі,
Әділдік деп, жастар көрді көресі.
Талайларын абақтыға тоғытып,
Талайының сайда қалды денесі.

Бұл бір шара елге
қылған қастандық,
Бөтен мінез көрсетпеген жастар
түк.
Сендер жасап жатқан балам
бүгінгі,
Осылайша қанмен келген
бостандық.

Бүгін міне, жаңа заман, жас
халық,
(Қайрат жатыр қара жерді
жастанып).
Бірақ-бірақ, өткен күнді
ұмытпай,
Тұралықшы боздақтарды еске
алып.

Ұмытпағын, құлыным:
Желтоқсанның ызғарын,
Жүрекке қатқан мұздарын,
Қату қабақ сыздарын.
Жасөспірім қазақтың,
Шейіт болған ұлдарын,
Қаракөзді қыздарын!..

Ұмытпағын, құлыным:
Қайғы жапқан қаланы,
Қанға бөккен даланы,
Қасың жапқан жаланы.
Қылбұрауға түскенде,
Шырылдаған баланы,
Шырағынан айрылып,
Аңыраған ананы!..

Ұмытпағын құлыным:
Егемендік бер деген,
Отан деген, ел деген,
Қызық өмір көрмеген.
Тасқа тиіп маңдайы,
Желтоқсанда шөлдеген,
Бірақ намыс бермеген,
Қыршындарын қазақтың...
Ұмытпағын, құлыным!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

«Мобильді ХҚО» қосымшасы арқылы ЭЦҚ және басқа да жиі сұралатын қызметтерді алуға болады

Енді ЭЦҚ алу үшін ХҚО-ға барудың қажеті жоқ. «Мобильді ХҚО» қосымшасында ХҚО операторымен бейнеқоңырау арқылы байланысып, ЭЦҚ-ға үйден шықпай-ақ тапсырыс беруге болады.

Бұған дейін компьютері жоқ қазақстандықтарға ЭЦҚ алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына баруға тура келді. Халықтың өтінішіне құлақ асып, Мемлекеттік корпорация жеке және заңды тұлғалар үшін «Мобильді ХҚО» қосымшасында ЭЦҚ алу мүмкіндігін енгізді. Ол үшін қосымшаға кіріп «бейне қызметі» батырмасын басу керек. Оператордың қосылуын күтіңіз, ол жеке куәлік пен SMS арқылы келген кодты сұрап, өтінімді қабылдайды.

«Жыл басынан бері 4 миллионнан астам азамат қызмет алу үшін ХҚО-ға жүгінді. Олардың шамамен 30%-ы ерекше сұранысқа ие ЭЦҚ алу қызметіне тапсырыс берген. Сондықтан біз ХҚО-ға баруды қажет етпейтін мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімді және ыңғайлы амалын ойластыруды мақсат еттік. Қазіргі таңда «Мобильді ХҚО» арқылы 38 қызмет алуға болады. Тізімді әлі де толықтырамыз», - дейді Мемлекеттік корпорацияның Басқарма Төрағасы Сүйеніш Әбділдин.

Сондай-ақ, аталған қосымшада жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын және

жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортының телнұсқасын беру, баланың тууына және бала күтіміне байланысты әлеуметтік төлем тағайындау, жерлеуге арналған бір реттік төлемдерді тағайындау, көп балалы отбасына жәрдемақы тағайындау, тұрғын үй көмегін тағайындау секілді ең көп сұралатын қызметтер де бар. Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту қызметтерін де алуға болады.

Ақылы қызметтерге тапсырыс беру кезінде төлем шоты екінші деңгейдегі банктердің қосымшаларына келеді. Клиент бейнеқоңырау арқылы қызмет алу барысында баж салығын бірден төлей алады. Сонымен қатар, қосымша арқылы ХҚО-ға баруды алдын-ала брондауға, электронды кезек талонын алуға, сізге жақын орналасқан ХҚО мекенжайын және өзекті мәселелерді көруге болады. Біз қосымшадағы қолжетімді қызметтер тізімін кеңейту ХҚО-ға келушілер ағынын азайтуға мүмкіндік береді деп сенеміз.

Айта кетейік, бүгінгі күнге дейін 68 мыңға жуық қолданушы ұялы телефондарына «Мобильді ХҚО» орнатқан. Қосымшаны Google Play және App Store онлайн-дүкендерден жүктеп алуға болады.

Приозерск қаласының халыққа қызмет көрсету орталығы

Получить ЭЦП и другие популярные услуги можно через приложение «Мобильный ЦОН»

Новые услуги появились в приложении «Мобильный ЦОН». Теперь не обязательно идти в ЦОН за получением ЭЦП. Благодаря сервису приложения, можно связаться с оператором ЦОНа посредством видеозвонка и заказать ЭЦП, не выходя из дома.

Ранее казахстанцам, кто не имеет персонального компьютера, приходилось посещать ЦОН для получения ЭЦП. По многочисленным просьбам клиентов Госкорпорация внедрила возможность получения ЭЦП для физических и юридических лиц через приложение «Мобильный ЦОН». Для этого необходимо авторизоваться в приложении и кликнуть «Услуга по видео», оператор подключится и запросит удостоверение личности и код из SMS для подписания заявки.

«С начала года к нам обратилось более 4 миллионов граждан за получением услуг в ЦОНе. Порядка 30% из них – это те, кто хотел получить ЭЦП, самую популярную услугу на данный момент. Поэтому для нас было важно создать доступный и удобный канал предоставления госуслуг, не посещая ЦОН. Отмечу, что сейчас через «Мобильный ЦОН» можно получить 38 услуг. Список еще будет пополняться», - поделился Председатель Правления Госкор-

порации Сүйеніш Абдильдин.

В приложении появились такие популярные услуги, как выдача дубликата правоустанавливающего документа на недвижимое имущество, дубликата технического паспорта объектов недвижимости, назначение пособий на рождение ребенка и по уходу за ребенком, назначение единовременной выплаты на погребение, назначение пособия многодетной семье, назначение жилищной помощи, присвоение или продление статуса кандаса и другие.

Добавим, что при заказе платных услуг, счет на оплату придет в приложения банков второго уровня. Клиент сможет моментально оплатить пошлину при заказе услуги через видеозвонок. Кроме того, через приложение также можно забронировать посещение в ЦОН, получить талон электронной очереди, найти расположение интересующего ЦОНа и ознакомиться с актуальными вопросами. Мы работаем над расширением списка доступных услуг, и ожидаем, что приложение позволит уменьшить поток посетителей в ЦОНЫ.

Отметим, что порядка 68 тысяч пользователей установили «Мобильный ЦОН». Приложение доступно к скачиванию в Google Play и App Store.

ЦОН города Приозерск

Азаттықты аңсаған Алаш

Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алаш үкіметінің құрылғанына 105 жыл.

*«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты»
Мыржақып Дулатов.*



Алаш – рәміздік сөз. Алаш – ұлтты ұйыстырған ұран. Алаш – қазақ қоғамы тәжірибесіндегі жаңару мен серпілудің, білім-ғылым мен батыл ізденістің, адалдық пен тәуекелшілдіктің жарқын беті.

Алаш партиясы тұңғыш жалпықазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылғы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны даярлауды Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бір топ қазақ зиялыларынан құрылған айрықша бюроға тапсырды. XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыс тарихының өзекті мәселелерінің бірі – Алаш партиясының құрылуы, оның тарихи негіздері, саяси әлеуметтік сипаты және тарихта алатын орны. Қазақ зиялылары саяси партия құру әрекетін бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ қолға алған болатын.

Тарих бойында Партияның тек бір төрағасы – Әлихан Бөкейханов. XX ғасырдың

басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Жаһанша Досмұхамедов, Мағжан Жұмабай, Сәкен Сейфуллин, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты.

«Алаш» партиясы құрылып, Алаш идеясын жүзеге асыруға кірісті. Қазақ елінің өзін-өзі басқара алатын, ұлттық мүддесін қорғай



алатын мемлекеттік жүйе құруға, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қоюға ұмтылды. Әлихандай көсемі бар партия халықтың ұзақ жылдар бойы аңсаған арманын орындауға талпынды.

Қалалық кітапханада Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алаш үкіметінің құрылғанына 105 жыл толуына орай «Азаттықты аңсаған Алаш» тарихи сағат өткізілді. Іс-шараға қаламыздағы № 44841 әскери бөлімнің сарбаздары қатысты. Мақсаты: қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндігін аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Кітапханашы И.Талханбаева Алаш партиясы, Алаш зиялылары туралы айтып өтті. Кітап көрмесі таныстырылды. Сондай-ақ әлеуметтік желілерге «Алаш арыстары» бейнеролик, «Алаш мұрасы» виртуалды кітап көрмесі салынды.



Алаш – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның бастауында тұрған алғашқы толыққанды үкімет пен саяси партия.

Қорыта айтқанда, Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның да басты идеяларының бірі болуы тиіс. Ал бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген ұлы қазақтар аманатының жөні бөлек.



Біздің ата рухы алдындағы адалдығымыз бен перзенттік парызымыз Алаштың аманатын санамызға сіңіру, соған лайық еңбек ету, өткенге құрмет көрсету. Ал құрметтің негізгісі – Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал. Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

*«Приозерск қалалық кітапханасы» кмм
библиограф Мукышева Г.К.*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №23/23, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі: 66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.